



Майдакөл ауылы

120418, Майдакөл ауылы, Орталық көшесі, №46 үй
дом тел/факс: 8(72438) 35-1-75, e-mail: kz-sch98@mail.ru

31.08.2021 ж

№67

**2022-2023 жаңа оқу жылының
басталуын, ұзақтығын және
каникул кезендерін айқындау туралы**

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29030 болып тіркелген) бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 363 бұйрығы мен облыстық білім басқармасының 2022 жылғы 25 тамыздағы №48-нқ және Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің 2022 жылғы 26 тамыздағы №51 бұйрықтарын басшылыққа ала отырып 2022-2023 оқу жылын ұйымшылдықпен бастау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. №98 орта мектепте 2022 - 2023 оқу жылы 2022 жылдың 01 қыркүйегінде басталсын.
2. Оқу жылының ұзақтығы төмендегіше бекітілсін:
 - бірінші сыныптарда – 35 оқу аптасын;
 - 2-11(12)- сыныптарда – 36 оқу аптасын;
3. Оқу жылы барысында каникулдар:
 - 1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2022 жылғы 31 қазан-6 қарашаны қоса алғанда), қысқы каникул – 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі каникул – 9 күн (2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында);
 - 1-сыныптарда: қосымша каникул 7 күн мерзімде (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында) мерзімінде белгіленсін.
4. Педагогикалық кеңесте мектеп ұжымы «2022-2023 оқу жылының мектеп қызметкерлерінің ішкі тәртібі туралы ережесімен» таныстырылсын. Аталған ережеге жауапты бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы Скаков Медет (келісімімен) бекітілсін.
5. 2022-2023 оқу жылында оқу – тәрбие үрдісі ҚР Білім және ғылым министрлігінің арнайы нұсқауын негізге ала отырып жүргізілсін.

6. Оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету мектептің кітапханашысы Ә.Әбдікәрімге міндеттелінсін.

7. Оқулықтардың өз дәрежесінде жыл бойы ұсталуын қадағалау пән мұғалімдеріне тапсырылсын.

8. 2022 жылдың 10 қыркүйегіне дейін мектеп қызметкерлері мен барлық сыныптағы оқушыларды «Техника қауіпсіздік ережелерімен» таныстыру мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Е.Жадиевке жүктелсін.

9. Осы бұйрықта көрсетілген шаралардың орындалуын бақылау мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары А.Китмамбетов пен тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасар Е.Жадиевке тапсырылсын.

10. Мұғалімдер мен техникалық қызметкерлер медициналық тексеруден міндетті түрде толық өткізілсін. Қызметкерлердің өтуін қадағалау мектептің медбикесі Қ.Төребекке (келісімімен) жүктелсін.

11. Осы бұйрық қол қойған күннен бастап қолданысқа енгізіледі

12. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Негізі: «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімі» КММ-нің 2022 жылғы 26 тамыздағы №51 бұйрығы

Мектеп директоры



А.Иманов

Бұйрықпен таныстырды: *[Signature]* Ш.С. Скаргов

Бұйрықпен таныстырды: *[Signature]* А. Әбдікәрім

Бұйрықпен таныстырды: *[Signature]* Е. Жадиев

Бұйрықпен таныстырды: *[Signature]* А. Китмамбетов

Бұйрықпен таныстырды: *[Signature]* Қ. Төребек

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ БОЙЫНША
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ №98 ОРТА
МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «СРЕДНЯЯ ШКОЛА
№98 ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО
КАЗАЛИНСКОМУ РАЙОНУ»,
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

120418, Майдакөл ауылы, Орталық көшесі, 46 үй
тел/факс: 8(72438) 3-51-75, e-mail: Kazaly_98@mail.kz

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

05.05.2023 жыл

№24

**2022-2023 оқу жылын аяқтау
және білім алушыларды қорытынды
аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту**

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі №88 бұйрығын басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН :**

1. Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №98 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде оқу сабақтары 2023 жылғы 31 мамырда аяқталсын.

2. 9 (10) сыныптарда білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары 2023 жылғы 2-13 маусым аралығында өткізілсін.

3. 11 (12) сыныптарда білім алушылардың мемлекеттік бітіру емтихандары – 2023 жылғы 5-19 маусым аралығында өткізілсін.

4. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)-сынып оқушылары үшін:

1) қазақ/орыс/ұйғыр/өзбек/тәжік тілі бойынша (оқыту тілі) эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін – жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2023 жылғы 2 маусым;

2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2023 жылғы 6 маусым;

3) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2023 жылғы 9 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2023 жылғы 13 маусым;

11 (12) сынып оқушылары үшін:

1) қазақ тілі/орыс тілі бойынша және ұйғыр/тәжік/өзбек тілінде білім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2023 жылғы 5 маусым;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2023 жылғы 8 маусым;

3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2023 жылғы 12 маусым;

4) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2023 жылғы 15 маусым;

5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2023 жылғы 19 маусым.

5. Мектептің оқу-тәрбие жұмысы талапқа сай жүргізілуін бақылау директордың оқу жұмысы орынбасары А. Қитмамбетовке және директордың тәрбие жұмысы орынбасары Е. Жадиевке жүктелсін.

6. Оқушылардың қорытынды аттестаттау үлгі ережеге сәйкес талапқа сай өтуі үшін жауапкершілік директордың оқу жұмыс жөніндегі орынбасары А. Қитмамбетовке жүктелсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



А. Иманов